

Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес құрамында магний бар препаратты сыныптау туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2019 жылғы 14 қазандағы № 180 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 22-бабы 1-тармағының бірінші абзацына сәйкес **Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы** шешті:

1. Құрамында белсенді әсер етуші зат ретінде магний тұзы бар, организмдегі магний тапшылығын және онымен байланысты клиникалық симптомдарды толтыру үшін қолданылатын қосымша заттар қосылған препарат сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына Түсіндірмелердің 1-негізгі қағидасына сәйкес **Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің Бірыңғай тауар номенклатурасының 2106 тауар позициясында сыныпталады.**

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян